

2.2 Өндірістік кеңестер



| № | Iс-шаралар | Мерзімі | |
|---|---|-----------|---|
| 1 | № 1 кеңес Жазғы сауықтыру шараларының, ағымды жөндеу жұмыстарының қорытындысы | Қыркүйек | Менгеруші А.Ескараева Әдіскер |
| 2 | Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімдерін анықтау | | |
| 3 | Бала өмірі мен денсаулығын қоргау нұсқау жұмысы | | Менгеруші А.Ескараева Әдіскер |
| 1 | № 2 кеңес I-жарты жылдықтағы балалардың денсаулықтары | Желтоқсан | Менгеруші А.Ескараева Мейірбике С.Қорғанбаева Шаруа/менгеруші Р.Жамбылова Әдіскер |
| 2 | Жылу жүйесін бақылау | | |
| 3 | Жаңа жыл ертегіліктерінде қауіпсіздік ережелерін сактау | | |
| 1 | №3 кеңес Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық орындалуы | Ақпан | Менгеруші А.Ескараева Шаруа/менгеруші Р.Жамбылова Менгеруші А.Ескараева |
| 2 | «Өрт және техника қауіпсіздігін сактау» туралы | | |
| 3 | Көгалдандыру жұмыстары | | |
| 1 | №4 кеңес Балабақшада 2023-2024 оқу жылына арналған «Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл » жөніндегі іс-шара жоспарымен таныстыру | Наурыз | Менгеруші А.Ескараева |
| 2 | «Мемлекеттегі қызметтегі этикалық бақылау-сыбайлас жемқорлықтың алдын алу негізі »такырыбында тәрбиешілер арасында пікірталас | | Мейірбике С.Қорғанбаева |
| 3 | «Сыбайлас жемқорлық жок ел-өркендеуші ел» тақырыбына педагогтармен дөңгелек үстел | | Шаруа/менгеруші Р.Жамбылова |
| 1 | №5 кеңес | Мамыр | Менгеруші |
| 2 | 2023-2024 оқу жылының көртіндысы | | А.Ескараева |
| 3 | 2024 жыл, жазғы жұмыстар | | Мейірбике |
| | Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру | | С.Қорғанбаева |
| | Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары | | Шаруа/менгеруші Р.Жамбылова |

Өндірістік кеңес отырысының №1 Хаттамасы

Катысқандар: 01.09.2023

Күн тәртібінде

1. Жазғы сауықтыру шараларының ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысы.
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімдерін анықтау.
3. Бала өмірімен денсаулығын қорғау нұсқау жұмысы.
1. Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісінің уақытша міндетін атқарушысы Мамбетова Лаззат сөз алды. Ол өз сөзінде жазғы сауықтыру шараларымен ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысына тоқталып өтті. Балабақша тәрбиешілері жоспар бойынша жазғы сауықтыру шараларын өз уақытында орындалған отырды. Түрлі эстафеталық ойындар өтілді. Дидактикалық ойындар ойнартты. Жаңа оқу жылына ағымдағы жөндеу жұмыстарын ойдағыдай жасап шықты.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісінің уақытша міндетін атқарушысы Мамбетова Лаззат сөз алды. Жаңа оқу жылына топтарды ойыншықтармен жабдықтау мәселесіне тоқталды. Балалардың тынысы ойын арқылы дамитыны, көз қарасының артуы ойын элементтеріне байланысты екенін атап өтіп, ойын аландарын құралдармен жабдықтау керектігін айтЫП өтті, Қимылды ойындарға арналған көрнекіліктер материалдар театр түрлерін көбейту керектігі айтЫЛДЫ. Жасалған көрнекілік заттар балаға зиянсыз қолайлышты, тартымды, әдемі, таза, сапалы болуы тиіс деп сөзін тиянақтады. Балабақшадағы тірбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып топтарға бөлінгенін айтЫП өтті.
3. Ушінші мәселе бойынша балабақша менгерушісінің уақытша міндетін атқарушысы Мамбетова сөз алды: біздің мақсатымыз балаларға оқу тәрбие жұмысымен қатар өз өмірлеріне қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыруымыз қажет деді. Біз оған тікелей жауаптымыз деді. Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтауынызды ескертемін. Ережемен толық танысып раставу үшін қол қойыңыздар. Қауіпсіздік ережесі төмендегіше:

-Электр жүйесіне абай болыңыздар.

-Жылыту жүйесін,ыстық суды абайлап қолданыңыздар.

-Газ ды ашық қалдырманыздар.

-Пышақ,сірінке,қаламсап тағыда басқа қауіпті заттар биікте тұрсын.

-Жаңа жылдық от шашулар бала қасында тұтатылмасын.Абай болыңыздар.Өрт қауіпті екенін естен шығармаңыздар.Сақтанудан еш тыс қалмай ережені өмір және техника қауіпсіздігін қатаң түрде сактауларыңызды сұраймын.

Шешім:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындауы қадағалансын.

2.Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай балалар тізімін анықтауға жауапты маман: тәрбиеші: Жұмантай Айдана.

3.Балабақшада өз қауіпсіздігін сактау ереже талаптарын қатаң сактау.

Жауаптылар: менгеруші,әдіскер,шаруа менгерушісі.

Төрайымы:  Мамбетова Л

Хатшы:  Жұмантай А

Номіні

Ч

и

ка

я



Өндірістік кеңес отырысының №2 Хаттамасы

Катысқандар: 05.12.2023

Күн тәртібінде

1.1-жарты жылдықтағы балалардың денсаулықтары.

2.Жылу жүйесін бақылау.

3.Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік ережелерін сактау.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі: А.Ескараева сөз алып: 1 - жарты жылдықтағы балалардың денсаулықтарын айтатын болсақ, Жетісай ауданының білім белімінен келген хаттарға байланысты ата – аналар арасында балабақша мейірбикесі және тәрбиешілеріне вацап желісінде және жұзбе жұз түсіндірме жұмыстарын жүргізу тапсырылған болатын. 1- жарты жылдықтағы балалардың денсаулықтарына байланысты дene бітіміне арналған жаттығулар жасалып, ағзаға пайдалы түрлі көкөністермен дәрумендерге бай тағам түрлері беріліп, ас мәзірлері қадағаланып отырғандығы айтылды. Тәрбиешілер балаларға тазалық шаралары туралы қол жуу жеке бастың гигиенасы туралы айтылып, тәрбиеленушілерге тәрбие беріліп жатқандығы айтылды. Тазалық жұмыстары 1- жарты жылдықта ойдағыдай өтіліп жатыр, балалардың денсаулықтарын нығайту жұмыстары жалғастырылсын.

2.Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі: Ескараева А сөз алды. Жылу мәселесіне тоқталып кетті. Қысқы маусымға байланысты жылу жүйелері қазаннан бастап, іске қосылды. Қысқы маусымға байланысты жылу жүйелері іске қосылды, бөлмелер газбен отопление арқылы жылнуды. Бөлмелердің жылулық температурасы 22С сақталынуы керек және қауіпсіздік ережесін сактаңыздар. Бөлмелер желдетіліп тұруы да қажет, тұмау көбейіп кетпес үшін балалар жылы сумен жуынып, үйқыға жылы пижамамен жатуын тапсырамын. Бөлме жылулығы қадағаланып, әр апта ауданға мәліметтер тапсырылуы өз жалғасып тапсын деп атап көрсетті.

3.Ушінші мәселеде: Жаңа жылдық шыршаны безендіру, мерекеде қауіпсіздік ережесін сактау жөнінде балабақша менгерушісі: Ескараева А. айтып тоқталып етті. Балаларға ең қызық мереке жаңа жылдық шырша мерекесі. Шыршаны әдемі, сұлу етіп безендірейік. Түрлі ойыншықтар, түрлі –

түсті жылтыр қағаздар әрине түрлі түсті шырақшаларды қосайық.Оны токқа қосқанда абай болыңыздар.Электр желісіне қосқанда балалардың әрі –бері жүруіне кедергісіз, қауіпсіз болсын.Сосын ата – аналармен жиналыс енгізгенде,от шашулар экелмесін,түкті киімдерге тисе от шығудан сақтану қажет.Қызметкерлер түгел қауіпсіздік ережесін сақтап,өрт болдырмаудың алдын –алу жұмыстарын ескеруін тапсырамын.Келесі мәселе бойынша балабақша медбикесі С.Қорғанбаева балабақшадағы жалпы тазалық күндеріне тоқталды.Әр жұмада күрделі тазарту жұмыстарын жүргізуін,кілемдер шаңын ұғыу ойыншықтыр жуылып,асхана тазалығы,төсек орын тазалығы жөнінде тапсырмалар беріліп қадағалау жүргізілетінін айтты.

Шешім:

- 1.1- жарты жылдықтың балалардың денсаулықтарын нығайту жалғастырылсын.
- 2.Бөлемелердің жылуулығы бірқалыпты 20С ға сақталып қадағалансын.Жауапты: шаруа менгеруші және мейірбике
- 3.Жасыл шырша мерекесінде де қауіпсіздік ережесі сақталсын, ата –аналарға қауіпсіздік ережесін сақтау жөнінде кенес берілсін.
- 4.Әр жұма күндері тазарту жұмыстары жүргіzlсіn.

Кенес төрайымы:  А.Ескараева

Хатшысы:  А.Жұмантай

Номи
жылдан баудан
баша



Жеке

№ 3 өндірістік кеңестің хаттамасы

01.02.2024 ж

Катысқандар саны- 15

Күн тәртібі:

1. Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық орындалуы
- 2 «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау» туралы
3. Көгалдандыру жұмыстары

1.Тындалды: балабақша мейірбикесі Корганбаева Сауле Ибадуллаевна Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы есеп берді. Балабақша ішінде тазалық шаралары күнделікті жүргізіліп жатқанын, балалар қолдануына керекті заттардың жүйелі жарамсыздығы тексеріліп отырғанын айтып өтті.

Мектепке дейінгі үйымдардың үй-жайларын жабдықтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар бойынша топтардың саяжайлары, дene шынықтыру аландары жеміс бақшасы бар. Ондағы құралдар балалардың ойнап тұруына сай етіп орналастырылған.аула көгалдандырылған, қураған шөптөр мен бұтақтар өз мезгілінде алынып тасталып отыр. Сонымен бірге топ бөлмелері табиги жолмен желдетіліді, ойыншықтар мен ыдыстар талапқа сай тазартылып отырғанын, квацтеу өз уақытында өткізіліп отырғанын айтып өтті.

Дей тұрганмен көмекші тәрбиеші жұмыстарында орын алған кемшіліктерді де айтып, қызметкерлерді өз ісіне жауапкершілікпен қарауды ұсынды. Қызметкерлер толық келісім берді.

2.Тындалды менгеруші: Ескараева Аягоз Мырзакадыровна Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау туралы түсіндіру жұмысын өткізді. Асхана қызметкерлері мен шаруа менгерушісіне жұмыстарын толыққанды жүргізуді ұсынды.

Қызметкерлер келісім берді.

3.Тындалды балабақша менгерушісі: Ескараева Аягоз Мырзакадыровна «Гүлді алея» акциясын өткізу туралы ұсыныс берді. Көктем мезгілі жаңару, көгерту мезгілі, сондықтан топта және балабақша ауласында гүлдер мен көшеттер отырғызу кезеңі екенін айтып өтті. Сондықтан топтарды гүлдендіру үшін ата-аналарды тарту, балалардың эстетикалық жағынан әсемделген топтарда жүріп тұруы олар үшін де жақсы екенін айтып өтті. Сонымен бірге балабақша ауласын әр топ өз участекелерін әсемдеулері,

кішкене аландарға балалармен гүлдер отырғызып, оларға күтім жасау керектігін айтып өтті. Топтар мен аландарға керекті құралдардың тізімін жасап құрылтайшыға ұсыну керектігін айтып өтті.

Қызметкерлер толық келісім берді. Алдағы Наурыз айының аяғына қарай жұмыс жүргізуін ұсынды.

Көктем мезгілі балалардың далада көп жүретін кезі екенине тоқталып, балабақшаның тазалығы және тәртібі жайлы ескертулер берілді. Демалыс кездерінде балабақша қауіпсіздігіне құзетшілердің жауаптылығы тапсырылды. Аула тазалаушыға өз міндеттері ескертілді.

Шешімі:

1. Отken кеңестің қаулылырының орындалуы қанағаттанарлық.
2. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы қанағаттанарлық. Айтылған кемшіліктер түзетілсін.
3. Балабақша ауласы мен топтар көгертилсін, Көктем мезігіліне қарай балабақша ауласы тазалығы сакталсын.


Кеңес төрайымы:

А.Ескараева

Хатшысы:

А.Жұмантай

Homipienen Gaylauan
2 napak
bañabakna metteruyutic

**«Нұрдәulet бақ» бөбекжай балабақшасы
«Сыбайлар жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында өткен
жиналыстың**

№ 4 өндірістік кеңестің хаттамасы

**Қазыбек би ало,
Абіболла ауылы**

11.03.2024 ж

**Откізілген орын: «Нұрдәulet бақ» бөбекжай балабақшасы
Катысқандар: Менгеруші, ұжым**

Күн тәртібінде:

- 1.«Сыбайлар жемқорлыққа қарсы күрес» Заңын басшылыққа ала отырып, сыбайлар жемқорлықтың туындаудына себептердің болдырмаудың және алдың алу бойынша түсіндірмे жұмыстарын жүргізу.
- 2.«Ата-аналардан зансыз ақша қаражатын жинауға тиым салу туралы» бұйрықпен таныстыру

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша менгерушісі А.Ескараева сыбайлар жемқорлықтың алдың алу шаралары бойынша жұмыстарды күшету және сыбайлар жемқорлықтың алдың алу, құқықтық сауаттылықты арттыру.«Сыбайлар жемқорлыққа қарсы күрес туралы » Заң талаптарын түсіндіру мақсатында жиналыстар өткізіліп кең көлемді түсіндіру жұмыстары өткізіліп тұратыны туралы айтып өтті. Сонымен қатар «Ата-аналардан зансыз ақша қаражатын жинауға тиым салу туралы» бұйрығымен таныстырып өтті.

Ата-аналардан балабақша топ тазалығына, аттестациядан өткізуге, қызметкерлерге сыйлық әкеліп беруге, мерекелік іс-шараларды өткізуге және басқа да жағдайларға байланысты мәжбүрлі ақша жинауға қатаң тыйым салынуы туралы айтылып, тәрбиешілер мен ұжым және ата-аналар комитеті мүшелері арасында балабақша топтар қажеттілігі үшін зансыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарының жүргізілуі жайлы айтылды.

3. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарлату, құрылымдық және қоғамдық үйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы мен жариялышы.

Оку – білім үдерісінде педагогтар мен ата – аналар тарапынан болатын келенсіз әрекеттердің алдын – алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр педагог білуі тиіс:

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын – алу және жол бермеу;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әртүрлі іс – әрекеттерге қарсы шығу туралы айтылды.

Қорытынды:

Жемқорлық-індеп, жою-міндеп. Жақсы жетістікке жету үшін барлығымыз жұмыла дертпен күрескеніміз абзал.

Жиналыш төрайымы: 

А. Ескараева

Хатшы:

 А. Жұмантай

Номириенсең Ош шаары
пәрмән
баптак



**«Нұрдәulet бақ» бөбекжай балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
№ 5 өндірістік кеңестің хаттамасы**

03.05.2024 ж

Катысқандар саны-20

Күн тәртібі:

1. 2023 – 2024 оку жылдарының қорытындысы.
2. 2024 жыл, жазғы жұмыстар.
3. Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын үйімдастыру.
4. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары.

1. Тындалды балабақшада өткен кеңестің қаулылырының орындалуы туралы есебі. Балабақша аулалары көшеттермен толықтырылды, ағаштар түптері әктелді, аландарға гүл көшеттері отырғызылып, оларға күтім жасалып жатқанын айттып өтті.

Мейірбике С.Қорғанбаева топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы бойынша айттылған кемшіліктер орындалғанын, тазалық жұмыстары толыққанды жүргізіліп жатқанын айттып өтті.

2. Тындалды Жазғы сауықтыру шаралары туралы тәрбиешілер, медбике және әдіскер өз жұмыс жоспарлары мен таныстырып өтті. №5 педагогикалық кеңесте бекітілген жазғы сауықтыру іс шаралар жоспарымен кіші қызметкерлерді таныстыруды. Бекітілген іс шара жоспары бойынша «Доп» мерекесін, «Жаяу серуен», «Гүлзарда еңбек ету» мерекесін, «Мектепке мақсатты серуен» және «Спорт күні» мерекесін, серуендер, спортпен шынығу өткізетіндіктерін айттып, қаржылай көмек керектігін айттып өтті.

Менгеруші керекті құралдармен толық қамтамасыз ететіндігін білдірді. Мейірбике С.Қорғанбаева «Жүқпалы ауруларға қарсы» кеңестерін, «Тамақтану туралы» ескертулерін және балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу жоспарларымен таныстыруды.

3. Тындалды Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын үйімдастыру бойынша балабақша менгерушісі: А.Ескараева айттып өтті: Жазғы маусымға балабақша ауласы дайын. Балалар ойнайтын ойын аландагы сырғанактар жөнделіп, сырланып, балалар ойнайтын күмдар електен өткізіп тазаланып қойылды. Аландар жаз мезгіліне байланысты көркемделді.

4. Тындалды балабақша менгерушісі: А.Ескараева балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығымен таныстыруды.

Әрбір қызметкер баланың өміріне жауапты. Мекеме гимараттары, ойын алаңы мен атракциондары өз мезгілінде тексеріліп тұру керек. Тәрбиешілер мен күтушілер жаз мезгілінде балаларды құммен ойнауда, шомылуда қауіпсіздік ережелерін сақтауға тиіс. Сонымен қатар, серуенге әрбір ойын алаңын алдын ала тексеріп шығуы керек. Жаз мезгілінде жұқпала аурулардың көбейетінін айта келе менгеруші қызметкерлерді нұсқаулықты қатаң орындауды талап етті. Қызметкерлер толық келісім берді . Пікір білдірді Балабакша мейіrbikesі сез алып, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жайттарды жою және алдын алу шаралары ай сайын жүргізілетіндіктерін сез етті. Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау туралы түсіндіру жұмысын еткізді. Асхана қызметкерлері мен шаруа менгерушісіне жұмыстарын толыққанды жүргізуі ұсынды. Қызметкерлер келісім берді.

Шешімі:

1. Жазғы сауықтыру шараларын орындау барлық қызметкерлерге жүктелсін.
2. Балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығы еткізілсін, толық орындалсын.
4. Өрт қауіпсіздігі техникасы сакталсын.

Кеңес төрайымы:

Алғеб - Д. Ескеров

Хатшысы:

Алғеб А. Нұшанбаев



Паралық
жылдарда

2000

-
-
-